			<p><b>және бесінші абзацтармен толықтырылсын:</b></p> <p>«Осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) – 5), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген және <b>топтың</b> қатысушылары болып табылатын қаржы мониторингі субъектілері ішкі бақылауды жүзеге асыру шеңберінде алынған ақпарат пен құжаттар алмасуды және оларды ішкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіппен пайдалануды мынадай шарттар сақталған кезде:</p> <p>1) алмасуы осы тармаққа сәйкес жүзеге асырылатын ақпарат пен құжаттарға қатысты қаржы мониторингі субъектілері <b>топ</b> үшін ішкі бақылау қағидаларында белгіленген талаптарды орындаса;</p> <p>...</p>	<p>жиырма үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p><b>«мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:»;</b></p> <p><b>жиырма төртінші, жиырма бесінші және жиырма жетінші абзацтардағы «топтың», «топ» деген сөздер «қаржы тобының», «қаржы тобы» деген сөздермен ауыстырылсын.</b></p>	<p>Нақтылаушы түзету.</p>	
--	--	--	---	--	---------------------------	--

			<p>3) осындай <b>топтың</b> басқа қатысушыларына клиент туралы ақпарат пен құжаттарды беруге және пайдалануға қаржы мониторингі субъектісі клиентінің жазбаша нысандағы келісімі болған кезде жүзеге асыруға құқылы.»;</p> <p>7-тармақ «қаржы мониторингі субъектілері» деген сөздерден кейін «, олардың қызметкерлері» деген сөздермен толықтырылсын;</p>			
34.	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағының 10) тармақшасы</p>	<p>11-1-бап. Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау ...</p> <p>3. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында</p>	<p>10) 11-1-бапта: <b>3-тармақтың бірінші, екінші, үшінші абзацтарындағы, 4-тармақтың бірінші, екінші абзацтарындағы, 5-тармақтың бірінші абзацындағы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың</b></p>	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағы 10) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3-тармақта: бірінші бөлікте: <b>«және терроризмді қаржыландыруға»</b> деген сөздер <b>«терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға»</b> деген сөздермен ауыстырылсын;</p>	<p><b>Қаржы және бюджет комитеті</b></p> <p>Ведомствоаралық кеңестің атауының өзгеруіне байланысты.</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>

		<p>мемлекеттік саясаты іске асыру жөніндегі шараларды әзірлеу, олардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шараларды үйлестіру мақсатында уәкілетті орган Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес құрады.</p> <p>Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық</p>	<p>алдын алу мәселелері жөніндегі» деген сөздер «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың), терроризмді қаржыландыру мен жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>б-тармақтың 1) тармақшасындағы «кірістерді» деген сөздер «технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, кірістерді» деген сөздермен ауыстырылсын;</p>	<p>«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері» деген сөздер «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың), терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың алдын алу мәселелері бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>екінші және үшінші бөліктерде:</p> <p>«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі» деген сөздер «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың), терроризмді</p>		
--	--	--	---	---	--	--

		<p>кеңестің құрамына Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды осы Заңға сәйкес жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өкілдері келісу бойынша кіреді.</p> <p>Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңестің ережесі мен құрамын уәкілетті орган бекітеді.</p> <p>4. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың</p>		<p><b>қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі»</b> деген сөздермен ауыстырылсын.</p> <p>4-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі» деген сөздер «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың), терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>5-тармақтың бірінші бөлігіндегі «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі» деген</p>		
--	--	--	--	--	--	--

		<p>(жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес мемлекеттік органдарға кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың тәуекелдерін төмендету бойынша ұсынымдар жіберуге және осындай ұсынымдардың іске асырылу нәтижелерін бағалауға құқылы.</p> <p>Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) шақыруларын қарайды және Ақшаны</p>		<p>сөздер «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың), терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;</p>		
--	--	--	--	--	--	--



		<p>жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) анықтаған, кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың тәуекелдерін төмендету жөніндегі шаралар туралы шешім қабылдайды.</p> <p>Уәкілетті орган Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) анықтаған, кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың тәуекелдерін төмендету жөніндегі шаралар туралы шешімді қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізеді.</p> <p><b>5. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың</b></p>			
--	--	---	--	--	--

		<p><b>(жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі</b>  ведомствоаралық кеңес кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау жөніндегі есепті қарайды және мақұлдайды, сондай-ақ кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау жөніндегі есептен жариялануға жататын ақпаратты айқындайды.  ...</p>				
35.	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағының 11) тармақшасы</p>	<p><b>12-бап. Терроризмнің және терроризмді қаржыландырудың алдын алуға және оны болғызбауға қатысты нысаналы қаржылық санкциялар</b>  ...</p>	<p>11) 12-бапта:  <b>4-тармақта:</b>  7) тармақшадағы «енгізу негіз болып табылады.» деген сөздер «енгізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) және 9)</p>	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағының 11) тармақшасында:  <b>екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар</b> алып тасталсын;</p>	<p><b>Депутат С.А. Симонов</b>  Осы мәселе бойынша ҚР ҚРҰ және БП бірыңғай ұстанымының болмауына байланысты.</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>

		<p>4. Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне ұйымды немесе жеке тұлғаны енгізу үшін:</p> <p>...</p> <p>8) жоқ</p> <p>9) жоқ</p>	<p>тармақшалармен толықтырылсын:</p> <p>«8) ұйымның терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген ұйымның немесе жеке тұлғаның тікелей немесе жанама түрде меншігінде немесе бақылауында болуы;</p> <p>9) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген ұйымның немесе жеке тұлғаның атынан немесе тапсырмасы бойынша ұйымның немесе жеке тұлғаның әрекеті негіз болып табылады.»;</p> <p>5-тармақта:</p> <p>8) тармақшадағы «әрекетінің тоқтатылуы негіз болып табылады.» деген сөздер «қолданысының</p>			
--	--	---	---	--	--	--

			<p>тоқтатылуы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«9) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізуге негіз болған мән-жайлар қолданысының тоқтатылуы негіз болып табылады.»;</p> <p>б-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«3) заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымға қатысты: атауы; заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылым шет мемлекетте (аумақта) тіркелген нөмірі (бар болса); тіркелген және (немесе) орналасқан жерінің мекен-жайы;</p>		
--	--	--	--	--	--

			заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымның құрылтайшылары (қатысушылары) және сенімгерлік басқарушысы туралы мәліметтер.»;	он төртінші абзацтағы «және сенімгерлік басқарушысы» деген сөздер алып тасталсын.	Редакцияны нақтылау. Артық сөздер алып тасталады.	
36.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 11) тармақшасы	<b>12-бап. Терроризмнің және терроризмді қаржыландырудың алдын алуға және оны болғызбауға қатысты нысаналы қаржылық санкциялар</b> ...	11) 12-бапта:  <b>10-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:</b> «Осы баптың мақсатында ұйым деп заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылым да түсініледі.»;	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 11) тармақшасында:  он бесінші және он алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын: «ескертпе мынадай редакцияда жазылсын: «Ескертпелер. 1. Осы баптың мақсатында терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғаның отбасы мүшелері деп: зайыбы (жұбайы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе біреуінің кәмелетке толмаған (оның ішінде асырап алған,	<b>Қаржы және бюджет комитеті</b>  Заң техникасы. Тізбеге сілтеме тек осы баптың мақсаттары үшін ғана емес, заңның бүкіл мәтіні бойынша келтіріледі.	<b>Қабылданды</b>

				<p>асырауындағы немесе қорғаншылығындағы (қамқоршылығындағы) балалары; асырауындағы ата-анасы мен жұбайының (зайыбының) ата-анасы танылады.</p> <p>2. Осы баптың мақсатында ұйым деп заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылым да түсініледі.»;</p>		
37.	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағының 12) тармақшасы</p>	<p><b>12-1-бап. Жаппай қырып-жою қаруын таратудың және оны қаржыландырудың алдын алуға, оған кедергі келтіруге және тоқтатуға қатысты нысаналы қаржылық санкциялар</b></p> <p>....</p> <p>7. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің тиісті Комитетін жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен</p>	<p>12) 12-1-бапта: 4-тармақтың екінші абзацындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p><b>7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:</b></p> <p>«Ескертпе. Осы баптың мақсатында ұйым деп</p>	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағының 12) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p><b>«мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:»;</b></p>	<p><b>Қаржы және бюджет комитеті</b></p> <p>Заң техникасы.</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>

		байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткені туралы хабардар етеді.	заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылым да түсініледі.»;			
38.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 13) тармақшасы	<b>Жок.</b>	13) мынадай мазмұндағы 12-3-баппен толықтырылсын: «12-3-бап. Заңды тұлғаның және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымның бенефициарлық меншік иесін анықтау 1. Заңды тұлға және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылым өздерінің бенефициарлық меншік иелерін анықтау үшін қолжетімді шаралар қолдануға және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша осы Заңның 5-бабы 3-	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 13) тармақшасында:  үшінші абзацта «1)» деген цифр «2-1)» деген цифрлармен ауыстырылсын;	<b>Депутат С.А. Симонов</b>  Редакциясын жақсарту.	<b>Қабыл-данды</b>

		<p>тармағының <b>1) тармақшасына</b> сәйкес <b>оны</b> сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеуге міндетті.</p> <p>....</p> <p>3. Заңды тұлға және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылым өзінің құрылтайшыларынан (қатысушыларынан), сондай-ақ заңды тұлғаны немесе заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымды өзгеше түрде бақылайтын тұлғалардан өзінің бенефициарлық меншік иелерін анықтау және <b>ол туралы мәліметтерді</b> жаңарту үшін қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.</p> <p>....</p> <p>5. Бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтер мен құжаттарды заңды тұлға және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылым уәкілетті органның сұрау салуы</p>	<p><b>«оны»</b> деген сөз <b>«оларды»</b> деген сөзбен ауыстырылсын; <b>«1)»</b> деген цифр <b>«2-2)»</b> деген цифрлармен ауыстырылсын;</p> <p>сегізінші абзацтағы <b>«ол туралы мәліметтерді»</b> деген сөздер <b>«олар туралы мәліметтерді»</b> деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>оныншы абзацтағы <b>«айқындаған тәртіппен»</b> деген сөздер <b>«белгілеген мерзімде және тәртіппен»</b></p>	
--	--	---	---	--



			бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынады.	деген сөздермен ауыстырылсын.		
39.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 13) тармақшасы	<b>Жок.</b>	13) мынадай мазмұндағы 12-3-баппен толықтырылсын: «12-3-бап. Заңды тұлғаның және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымның бенефициарлық меншік иесін анықтау ... 6. Осы Заңда көзделген мақсаттарда және тәртіппен заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымның ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды уәкілетті органға беруі, сондай-ақ осы Заңда көзделген мақсаттарда және тәртіппен жеке, заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымның заңды тұлғаға және заңды тұлға құрмай әрекет	Жобаның 1-бабы 10-тармағы 13) тармақшасының он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «6. Осы Заңда көзделген мақсаттарда және тәртіппен заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды уәкілетті органға беруі, банктік құпияны қоспағанда, банктік құпияны қоспағанда, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзу болып табылмайды.».	<b>Депутат С.А. Симонов</b>  «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңның 43-бабында, Азаматтық кодекстің 830-бабында және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның 57-бабында тиісінше бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны, сақтандыру құпиясын және зейнетақы жинақтарының құпиясын ашу оларды жария ету болып табылмайтын жағдайлардың толық тізбесі көзделген. Өз кезегінде, КЖ/ТҚҚІ туралы заңда көзделген мақсаттарда және тәртіппен заңды тұлға құрмай заңды тұлғаға және шетелдік	<b>Қабыл- данды</b>

			<p>ететін шетелдік құрылымға ақпарат, мәліметтер мен құжаттар беруі банктік құпияны қоспағанда, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, сондай-ақ дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзу болып табылмайды.</p>		<p>құрылымға жеке және заңды тұлғалардың, заңды тұлға құрмай шетелдік құрылымның ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды ұсынуы көрсетілген тізбелерге кірмейді.</p> <p>Осыған байланысты алып тастау ұсынылады.</p> <p>Заң техникасы. Редакцияны нақтылау.</p>	
40.	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағының 13) тармақшасы</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>13) мынадай мазмұндағы 12-3-баппен толықтырылсын:</p> <p>«12-3-бап. Заңды тұлғаның және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымның бенефициарлық меншік иесін анықтау</p> <p>...</p> <p>Ескертпе.</p> <p>Осы баптың мақсатында мемлекеттік заңды тұлға мен квазимемлекеттік сектор субъектісін қоспағанда,</p>	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағы 13) тармақшасының он үшінші абзацындағы «мемлекеттік заңды тұлға» деген сөздер «мемлекеттік мекеме» деген сөздермен ауыстырылсын;</p>	<p><b>Депутат</b> <b>Б. Н. Торғаев</b></p> <p>Бұл жағдайда мемлекеттік мекемені ғана көрсету қажет, өйткені мемлекеттік кәсіпорын Бюджет Кодексінің 3-бабы 1-тармағының 31) тармақшасының негізінде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жатады. Бұл ретте «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға</p>	<p><b>Қабыл-данды</b></p>

			<p>ұйым заңды тұлға деп түсініледі.</p> <p>...</p>		<p>сәйкес мемлекеттік заңды тұлғаларға мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар жатады.</p>	
41.	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағының 13) тармақшасы</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>13) мынадай мазмұндағы 12-3-баппен толықтырылсын:</p> <p>«12-3-бап. Заңды тұлғаның және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымның бенефициарлық меншік иесін анықтау</p> <p>...</p> <p>Ескертпе.</p> <p>Осы баптың мақсатында <b>мемлекеттік заңды тұлға</b> мен квазимемлекеттік сектор субъектісін қоспағанда, ұйым заңды тұлға деп түсініледі.</p> <p><b>Осы баптың шаралары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау</b></p>	<p>Жобаның 1-бабы 10-тармағы 13) тармақшасының он төртінші абзацы алып тасталсын;</p>	<p><b>Қаржы және бюджет комитеті</b></p> <p>Артық нақтылау.</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>

			<b>мақсатында қолданылады.»;</b>			
42.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 14) тармақшасы	13-бап. Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту және оларды тоқтата тұру ...	14) 13-бапта: 1-тармақта: бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «1. Қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), <b>2-1)</b> , 4) және б) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, <b>жеке немесе заңды тұлғамен, заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылыммен</b> іскерлік қатынастар орнатудан және жалғастырудан бас тартуға міндетті.»; екінші абзацтағы «жеке немесе заңды тұлғамен» деген сөздер «жеке, заңды тұлғамен және заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылыммен» деген сөздермен толықтырылсын;	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 14) тармақшасында: үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «бірінші бөлікте: <b>«жеке немесе заңды тұлғамен»</b> деген сөздер <b>«жеке, заңды тұлғамен немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылыммен»</b> деген сөздермен ауыстырылсын; <b>«2-1)» деген цифрлар «2-1), 2-2)» деген цифрлармен ауыстырылсын;</b> төртінші абзац алып тасталсын; бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «Осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1), 2-2), 4) және б) тармақшаларында көзделген шараларды	<b>Депутат С.А. Симонов</b>  Ұсынылып отырған жаңа 6-тармақ осы баптың 1-тармағына көшірілді.	<b>Қабылданды</b>

		<p>2. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру фактілерінің алдын алу мақсатында қаржы мониторингі субъектілері операция күдікті ретінде танылған кезде уәкілетті органға осындай операция туралы ол жүргізілгенге дейін дереу хабарлауға міндетті.</p> <p>...</p> <p>6. Осы Заңға сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту, сондай-ақ оларды тоқтата тұру тиісті шарттардың (міндеттемелердің) талаптарын бұзғаны үшін қаржы мониторингі субъектілерінің азаматтық-құқықтық</p>	<p><b>2-тармақта: бірінші абзац «фактілерінің» деген сөзден кейін «, сондай-ақ басқа да байланысты құқық бұзушылықтардың» деген сөздермен толықтырылсын;</b></p> <p><b>6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын: «Осы Заңның 3-бабының 1), 10) және 12) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 3-бабының 3-тармағында көзделген клиенттерді тиісінше тексеру шараларын қолдану мүмкін болмаған жағдайда клиентті қызмет көрсетуге қабылдаудан бас тартуға міндетті.»;</b></p>	<p>қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қаржы мониторингі субъектілері жеке, заңды тұлғаға немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасауда бас тартуға және (немесе) іскерлік қатынастарды тоқтатуға міндетті.»;</p> <p><b>он алтыншы абзац алып тасталсын;</b></p> <p>он сегізінші және он тоғызыншы абзацтар алып тасталсын.</p>	<p>Ұсынылып отырған түзетулер уәкілетті органда және қаржы мониторингі субъектілерінде бірыңғай ұстанымның болмауына байланысты жобадан шығарылады;</p> <p>Бұл норманы Заңның 13-бабының 1-тармағында көздеу қажет.</p>	
--	--	---	---	---	---	--

		жауаптылығына негіздер болып табылмайды.  ... <b>Жоқ</b>				
43.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 14) тармақшасы	<b>13-бап. Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту және оларды тоқтата тұру</b> ... 1. Қаржы мониторингі субъектілері, осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, жеке немесе заңды тұлғамен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тартуға міндетті. Қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1), 4) және 6)	14) 13-бапта: 1-тармақта: бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: ... мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын: «Жеке, заңды тұлға немесе заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жүргізуден, іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту немесе іскерлік қатынастарды тоқтату осы тармақта белгіленген жағдайларда қаржы мониторингі субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 14) тармақшасында:  алтыншы және жетінші абзацтар алып тасталсын;  мынадай мазмұндағы он сегізінші және он тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын: «6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «6. Осы Заңға сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту, оларды тоқтата тұру, сондай-ақ іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту немесе іскерлік қатынастарды тоқтату қаржы мониторингі субъектілерінің тиісті	<b>Қаржы және бюджет комитеті</b>  Заңның 13-бабы 6-тармағының қайталануын болдырмау мақсатында;	<b>Қабылданды</b>

		тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, жеке немесе заңды тұлғамен ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тартуға міндетті. ...	<b>негіз болып табылмайды.»;</b>  <b>1-1-тармақта: екінші, үшінші, төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:</b>	<b>шарттардың (міндеттемелердің) талаптарын бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін негіздер болып табылмайды.»»;</b>  тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын: « <b>екінші, үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:»;</b>	Заң техникасы.	
44.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 15) тармақшасы	<b>14-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау Қаржы мониторингі субъектілерінің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен</b>	<b>15) 14-бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:</b> «Осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 19) тармақшасында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілерінің «Астана» халықаралық қаржы орталығының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 15) тармақшасында: бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: « <b>15) 14-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:»;</b>  екінші абзацтағы «Астана» халықаралық қаржы орталығының» деген сөздер « <b>АХҚО</b> » деген сөзбен ауыстырылсын;	<b>Қаржы және бюджет комитеті</b>  Заң техникасы;  «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-	<b>Қабыл-данды</b>

	<p>алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қаржы мониторингіне жататын, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы мәліметтерді тіркеу, мәліметтер мен құжаттарды сақтау, құжаттарды қорғау, ақпарат беру, клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөнінде шаралар қабылдау, қаржы мониторингіне жататын операцияларды жүргізуді тоқтата тұру және одан бас тарту, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларын әзірлеу және қабылдау, оның</p>	<p>іс-қимыл мәселелері жөніндегі қолданыстағы құқығын сақтауын бақылауды «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті «Астана» халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.»;</p>	<p>тармағының 19) тармақшасына сәйкес келтіру.</p>	
--	---	--	--	--



		ішінде даярлау және оқыту бағдарламаларын орындау бөлігінде сақтауын мемлекеттік бақылауды тиісті мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіне сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.				
45.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 16) тармақшасы	16-бап. Уәкілетті органның функциялары жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында уәкілетті орган: ... 13-7) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін жария лауазымды адамдардың тізбесіне кіретін жария лауазымды адамдардың, олардың жұбайларының (зайыптарының) және	16) 16-бапта: 5-1) тармақшадағы «жеке және заңды тұлғалардың» деген сөздер «жеке, заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрамай әрекет ететін шетелдік құрылымдардың» деген сөздермен толықтырылсын; 13-6) тармақша «ескере отырып» деген сөздерден кейін «, өз құзыреті шегінде» деген сөздермен толықтырылсын; 13-7) тармақшадағы «тізімін жүргізеді» деген сөздерден кейін «және оны жүргізу тәртібін	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 16) тармақшасында: төртінші абзац алып тасталсын; мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын: «мынадай мазмұндағы 13-8) тармақшамен толықтырылсын: <b>«13-8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының және ұйымдардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру</b>	<b>Депутат С.А. Симонов</b>  АФМ-ға ҚЖ/ТҚҚІ тәуекелдерін анықтау, практиканы қорыту, ҚЖ/ТҚҚІ туралы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар тұрғысынан ұйымдардың қызметін талдау туралы ақпаратты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ұсыну нысаны мен мерзімдерін белгілейтін актіні бекіту және бекіту бойынша құзырет беру.	<b>Қабыл- данды</b>

		жақын туыстарының тізімін жүргізеді; <b>13-8) жоқ.</b>	<b>айқындайды» деген сөздермен толықтырылсын;</b>	тәуекелдерін анықтау тұрғысынан ұйымдардың және жеке тұлғалардың қызметін талдау және мониторингтеу, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру жөніндегі практиканы, ұсыныстарды жинақтап қорыту туралы ақпаратты уәкілетті органға беру нысаны мен мерзімдерін белгілейді;».		
46.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 17) тармақшасы	<b>17-бап. Уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері</b> <b>1. Уәкілетті орган:</b> ... <b>7-2) жоқ</b>	17) 17-баптың 1-тармағының 7-1) тармақшасындағы «қатысуға құқылы.» деген сөздер «қатысуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын: «7-2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының	Жобаның 1-бабы 10-тармағы 17) тармақшасы алып тасталсын;  <i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін</i>	<b>Қаржы және бюджет комитеті</b>  Бұл құзыретті уәкілетті орган қатқызылмайды.	<b>Қабылданды</b>

			<p>қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау, тұрғысынан ұйымдардың және жеке тұлғалардың қызметін талдау және мониторингілеу, практиканы жинақтап қорыту туралы ақпаратты, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға беру <b>нысанын бекітуге</b> құқылы.»;</p>			
47.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 18) тармақшасы	18-бап. Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы ...	18) 18-бапта: 2-тармақта: 1-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «1-2) өз құзыреті шегінде, уәкілетті орган <b>бекіткен нысан бойынша</b> уәкілетті	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: 19) 18-бапта: 2-тармақта: 1-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:	<b>Депутат С.А. Симонов</b>  Уәкілетті орган мемлекеттік органдардың осы нормаларда көрсетілген ақпаратты ұсыну	<b>Қабылданды</b>

	<p>2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:</p> <p>...</p> <p>1-2) осындай ақпаратты уәкілетті органға ұсына отырып, терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұлғасында коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізуге;</p> <p>...</p> <p><b>5) жоқ</b></p> <p><b>6) жоқ</b></p>	<p>органға мұндай ақпаратты жыл сайын бере отырып, терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұлғасынан коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізуге, сондай-ақ практиканы жинақтап қорытуға, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге;»;</p> <p>4) тармақшадағы «қамтамасыз етуге міндетті.» деген сөздер «қамтамасыз етуге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:</p> <p>«5) қаржы мониторингі субъектілері қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік</p>	<p>«1-2) терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұлғасынан коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне талдауды және мониторингті өз құзыреті шегінде жүргізуге, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытуға және уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде жыл сайын уәкілетті органға осындай ақпаратты ұсына отырып, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;»;</p> <p>4) тармақшадағы «қамтамасыз етуге міндетті.» деген сөздер «қамтамасыз етуге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:</p> <p>«5) өз құзыреті шегінде қаржы мониторингі субъектілері үшін олардың</p>	<p>мерзімдерін айқындауға тиіс.</p> <p>де</p>	
--	--	---	--	---	--

		<p>ерекшелігін ескере отырып, өз құзыреті шегінде олар үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге және бекітуге;</p> <p>б) өз құзыреті шегінде, уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша уәкілетті органға мұндай ақпаратты жыл сайын бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан қаржы мониторингі субъектілерінің қызметіне талдау және мониторинг жүргізуге, сондай-ақ практиканы жинақтап қорытуға, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және олар</p>	<p>қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігін ескере отырып, <b>қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде</b> әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге және бекітуге;</p> <p>б) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан қаржы мониторингі субъектілерінің қызметіне талдауды және мониторингті өз құзыреті шегінде жүргізуге, <b>Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытуға және уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және</b></p>	
--	--	--	--	--

			болған кезде енгізуге міндетті.»;	мерзімдерде уәкілетті органға жыл сайын осындай ақпарат бере отырып, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге міндетті.»;		
48.	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 16) тармақшасы	18-бап. Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы ... <b>7. жоқ</b>	18) 18-бапта: ... <b>Жоқ</b>	Жобаның 1-бабы 10-тармағының 18) тармақшасы мынадай мазмұндағы <b>оныншы және он бірінші абзацтармен толықтырылсын:</b> «мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын: <b>«7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және квазимемлекеттік сектор субъектілері уәкілетті органға осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген, Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін жария лауазымды адамдардың тізбесіне кіретін жария лауазымды адам, оның зайыбы (жұбайы) және жақын туыстары туралы мәліметтерді мұндай жария лауазымды адам Қазақстан</b>	<b>Депутат С.А. Симонов</b>  Заң жобасында ЖЛТ тізімін жүргізу тәртібін анықтау үшін НҚА-ны жеке әзірлеу ұсынылады. Аталған тәртіпті ҚР КЖ/ТҚКІ туралы Заңының 18-бабында анықтау ұсынылады.	<b>Қабыл-данды</b>

				Республикасының тиісті мемлекеттік органында немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде лауазымға сайланған немесе тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.».		
<b>«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
49.	Жобаның 1-бабының 11-тармағы	<b>15-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілеттіктері</b> 1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады: ...	15-баптың 1-тармағында: 14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «14) қаржы саласындағы уәкілетті орган – салық, кеден және бюджет заңнамасының сақталуын, мемлекеттік мүліктің ұтымды пайдаланылуы мен сақталуын қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;»; мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын: «14-1) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган – қаржы мониторингін жүзеге	Жобаның 1-бабының 11-тармағы алып тасталсын;  <i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін</i>	<b>Депутат С. А. Симонов</b>  Бұл түзету мемлекеттік органдармен қосымша қажеттілігіне байланысты жобасынан тасталады.	<b>Қабылданды</b>

			<p>асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдайтын, экономикалық және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтарына, экономикалық және қаржылық қызмет саласындағы қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;»;</p>		
--	--	--	---	--	--



**«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы**

50.	Жобаның 1-бабының 12-тармағы	7-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган:	7-баптың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы (63-5) тармақшамен толықтырылсын: «63-5) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 20) тармақшасында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілерінің Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді	жобаның 1-бабының 12-тармағында: екінші абзацтағы «7-баптың бірінші абзацы» деген сөздер «7-бап» деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші абзацтағы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 20) тармақшасында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілерінің» деген сөздер «цифрлық активтерді шығару, олардың саудасаттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау жөніндегі қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын	<b>Қаржы және бюджет комитеті</b>  Заң техникасы;  «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.	<b>Қабылданды</b>
-----	------------------------------	--	--	--	--	-------------------

			қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;».	<b>тұлғалардың»</b> деген сөздермен ауыстырылсын.		
<b>«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
51.	Жобаның 1-бабының 14-тармағының 1) тармақшасы	<b>16-бап. Төлем ұйымын есептік тіркеу ... 8. жоқ.</b>	1) 16-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын: «8. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган жасайтын Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын <b>орындамайтын не жеткіліксіз орындайтын</b> мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне енгізілген <b>шет мемлекетте</b> тіркелген заңды тұлға құрмай әрекет ететін шетелдік құрылымдар <b>төлем ұйымдарының капиталындағы</b> қатысу үлестерін тікелей немесе жанама түрде иелене және	Жобаның 1-бабының 14-тармағының 1) тармақшасында:  екінші абзацта: <b>«шет мемлекетте» деген сөздерден кейін «(аумағында)»</b> деген сөзбен толықтырылсын;  <b>орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;</b>	<b>Қаржы және бюджет комитеті</b>  Нақтылаушы түзету;  Заң техникасы; «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 4-тармағының 4)	<b>Қабылданды</b>

			(немесе) пайдалана алмайды және (немесе) оларға билік ете алмайды. Төлем ұйымының жарғылық капиталына қатысу үлестерін жанама иелену не жарғылық капиталына қатысу үлестерін иелену (дауыс беру) заңды тұлғаның, төлем ұйымына қатысушының шешімдерін басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін (акцияларын) иелену (дауыс беру) арқылы айқындауға мүмкіндік береді.»;	«төлем ұйымдарының капиталындағы» деген сөздер «төлем ұйымдарының жарғылық капиталындағы» деген сөздермен ауыстырылсын.	тармақшасына сәйкес келтіру;  Нақтылаушы түзету.	
52.	Жобаның 1-бабының 14-тармағының 2) тармақшасы	<b>16-бап. Төлем ұйымы атқарушы органының басшысына қойылатын талаптар ... 4. жоқ.</b>	2) 19-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын: «4. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес терроризмді және экстремизмді	Жобаның 1-бабы 14-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацындағы «заңнамаға» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздермен ауыстырылсын;	<b>Қаржы және бюджет комитеті</b>  Заң техникасы.	<b>Қабылданды</b>

			қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі адамды төлем ұйымының атқарушы органының басшысы етіп сайлауға немесе тағайындауға тыйым салынады.»;			
53.	Жобаның 1-бабының 14-тармағының 3) тармақшасы	Жоқ.	3) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын: «19-1-бап. Төлем ұйымының құрылтайшылары мен қатысушылары ... 2) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен	жобаның 1-бабы 14-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацындағы «заңнамаға» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздермен ауыстырылсын;	<b>Қаржы және бюджет комитеті</b>  Заң техникасы.	<b>Қабылданды</b>

			байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі тұлғаларды қоспағанда, жеке, заңды тұлғалар және заңды тұлға құрамай әрекет ететік шетелдік құрылымдар төлем ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары) (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылады.».			
<b>«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
54.	Жобаның 1-бабы 15-тармағының 1) тармақшасы	55-бап. Адвокаттар алқасының төралқасы ... 2. Адвокаттар алқасының төралқасы: ... <b>10-1) жоқ</b> <b>10-2) жоқ</b>	<b>1) 55-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10-1) және 10-2) тармақшалармен толықтырылсын:</b> <b>«10-1) адвокаттар қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігін ескере отырып, өз құзыреті шегінде олар</b>	Жобаның 1-бабы 15-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын.	<b>Депутат</b> <b>С.А. Симонов</b>  Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы құзыретке ие болуына байланысты.	<b>Қабыл-данды</b>

			<p>үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлейді және бекітеді;</p> <p>10-2) өз құзыреті шегінде, қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мұндай ақпаратты жыл сайын бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан адвокаттардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізеді, сондай-ақ практиканы жинақтап қорытады, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы жетілдіру</p>		
--	--	--	---	--	--

			<b>жөнінде ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;»;</b>			
55.	Жобаның 1-бабы 15-тармағының жаңа 1) тармақшасы	<b>68-бап. Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы ...</b> <b>3. Төралқа:</b> <b>18-11) жоқ;</b> <b>18-12) жоқ.</b>	<b>Жоқ.</b>	Жобаның 1-бабының 15-тармағы мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) 68-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 18-11) және 18-12) тармақшалармен толықтырылсын: « <b>18-11)</b> адвокаттар үшін олардың қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігін ескере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді; <b>18-12)</b> қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан адвокаттардың қызметіне талдауды және мониторингті өз құзыреті шегінде жүргізеді, <b>Қазақстан Республикасының</b>	<b>Депутат С.А. Симонов</b>  Республикалық адвокаттар алқасына компетенциялар беруге байланысты.	<b>Қабылданды</b>

				<p><b>ҚЫЛМЫСТЫҚ жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытады және қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын осындай ақпаратты бере отырып, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;».</b></p>		
56.	<p>Жобаның 1-бабы 15-тармағының 2) тармақшасы</p>	<p>78-1 бап. Республикалық заң консультанттары алқасы ... 3. Республикалық заң консультанттары алқасы: ... <b>3-1) жоқ</b> <b>3-2) жоқ</b></p>	<p>2) 78-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын: «3-1) заң консультанттары қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігін ескере отырып, өз құзыреті шегінде <b>олар үшін</b> әдістемелік</p>	<p>Жобаның 1-бабы 15-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын.</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін</i></p>	<p><b>Депутат С.А. Симонов</b></p> <p>Республикалық адвокаттар алқасына компетенциялар беруге байланысты.</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>



			<p>ұсынымдар әзірлейді және бекітеді;</p> <p>3-2) өз құзыреті шегінде қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган <b>бекіткен нысан бойынша</b> қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мұндай ақпаратты жыл сайын бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан заң консультанттарының қызметіне талдау және мониторинг жүргізеді, сондай-ақ практиканы жинақтап қорытады, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;»;</p>		
--	--	--	---	--	--

57.	<p>Жобаның 1-бабы 15-тармағының 3) тармақшасы</p>	<p>80-бап. Заң консультанттары палатасының функциялары</p> <p>Заң консультанттары палатасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:</p> <p>...</p> <p><b>9-1) жоқ</b></p> <p>...</p> <p><b>13-1) жоқ</b></p> <p><b>13-2) жоқ</b></p>	<p>3) 80-бап мынадай мазмұндағы тармақшамен толықтырылсын: «9-1) заң консультанттарының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;».</p>	<p>Жобаның 1-бабы 15-тармағының 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын: «мынадай мазмұндағы 13-1) және 13-2) тармақшалармен толықтырылсын: «13-1) заң консультанттары үшін олардың қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігін ескере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;</p> <p>13-2) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган <b>белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде</b> қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын осындай ақпаратты бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және</p>	<p><b>Депутат С.А. Симонов</b></p> <p>Заң консультанттары алқасына компетенциялар беруге байланысты.</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>
-----	---	--	--	---	--	--------------------------

				<p>терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан заң консультанттарының қызметіне талдауды және мониторингті өз құзыреті шегінде жүргізеді, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;».</p>	
--	--	--	--	---	--

**Ескертпе:** Заң жобасының мәтінін «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес келтіру керек.

Комитет төрағасы

М. Құсайынов



*Құпсайыновпен қолданылған заң  
Білімнің сектор меңгерушісі  
Машғұл Н. Шайтанбаев.*